



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**2023 жылдың ақпан айындағы  
ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер туралы  
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің  
нақты сектор мониторингі басқармасының бастығы  
Игорь Осиповтің  
түсіндірмесі**

*2023 жыл, 16 наурыз*

2023 жылдың ақпан айында елде **жылдық инфляция 21,3%-ды** құрап (қаңтарда – 20,7%), қарқын ала түсті. Аймақтар бойынша инфляция 17 өңірде жеделдеп, 3 облыста баяулады.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Маңғыстау облысында, Астана қаласында және Ақмола облысында тіркелді.

Ақпанда **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 26,2%-ға (қаңтарда – 25,7%) өсті. Осы топтағы тауарлардың бағасы Маңғыстау облысында (32,1%) барынша жоғары, ал Алматы қаласында (24,6%) мейілінше баяу өсті.

**Азық-түлікке жатпайтын** тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 20,5%-ға дейін жеделдеді (қаңтарда – 20,2%). Ең жоғары мән Астана қаласында (31,3%), ең төменгі мән Алматы облысында (16,1%) тіркелді.

Ақпанда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 15,0%-ға өсті (қаңтарда – 14,2%), бұл ретте жалпы республикалық деңгейден баға Ақмола облысында (20,2%), біршама төмен Шымкент қаласында (11,2%) өсті.

2023 жылғы ақпанда елде **айлық инфляцияның** өсімі де **1,3%-ды** құрап, жеделдей түсті. Бұл соңғы 5 жылдағы (2018-2022 жылдары: 0,6%) ақпан айындағы инфляцияның орташа мәнінен біршама жоғары.

**Толығырақ:**  
<https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1768>

<https://nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1768>